



XҒТАР 10.21.51

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2024-146-1-66-80>

Қазақстан Республикасында «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтын дамытудың заңнамалық негіздері

А.А. Мұқашева¹, Т.К. Нуреқешов^{*2}, Е.М. Айтқазин²

¹ «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, Астана, Қазақстан

² «Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі, Семей, Қазақстан

(E-mail: ¹anarabai@mail.ru, ²talapzk@bk.ru, ³aytkazin1805@mail.ru)

Аңдатпа. Ғылыми мақалада экологиялық өлшемшарттарды ескере отырып мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алуды жүзеге асырудың немесе «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының елімізде жұмыс істеуінің құқықтық негіздеріне шолу жасалған. Мемлекеттік сатып алулар кезінде экологиялық өлшемшарттардың пайдаланылу тұрғысынан шолу жасау арқылы оның іс жүзінде қолданылуына баға беру мақсатында мақала авторлары қолданыстағы заңнамаға талдау жүргізген және талқыланып жатқан жаңа заң жобасын ескере отырып аталған институттың елімізде дамуына байланысты болжамдар жасаған. Оның толыққанды іске қосылуы үшін қажет заңнамалық қамтамасыз ету жолдары талқыланып. Шет елдердегі сәтті тәжірибелер қарастырылған.

Мақалада қойылған мақсат елімізде мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін қолданыстағы заңнамаға экологиялық өлшемшарттардың пайдаланылу тұрғысынан шолу жасау арқылы оның іс жүзінде қолданылуына баға беру, сонымен қатар жалпы «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтын заңнамалық қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне талдау жасау болып табылады.

Мақала авторлары «жасыл» мемлекеттік сатып алулар экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экологиялық жағдайды жақсартудың маңызды құралы болып табылатындығын ескере келе, елімізде аталған институтты енгізу маңызды қажеттілік деген түйінге келеді. Алайда, ол үшін, авторлардың пікірінше мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде экологиялық талаптар мен шарттардың нақты құқықтық тәртібі бекітілуі қажет. Қабылдануы тиіс жаңа заң мен жалпы салаға енгізіліп жатқан өзгерістер елдегі «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының сәтті іске қосылуы үшін маңызды өзгерістер. Дегенмен, негізгі заңмен бірге бекітілуі тиіс ережелердің де сапалы болуы аса маңызды қажеттілік болып табылады.

Түйін сөздер: «жасыл» мемлекеттік сатып алулар, экологиялық өлшемшарттар, конкурс, тұрақты мемлекеттік сатып алу, экология, экологиялық таңбалау, өнім беруші.

Түсті: 10.01.2024 Жөнделді: 22.01.2024 Мақұлданды: 25.03.2024 Онлайн қолжетімді 29.03.2024

* хат-хабарларға арналған автор

Кіріспе

Соңғы жылдардағы жаһандық климаттың өзгеруі, ауаның, топырақ пен судың ластануы, табиғи ресурстардың сарқылуы бүкіл әлемде үлкен алаңдаушылық тудыруда. Бұл мәселелерді шешу үшін халықаралық қауымдастық, сонымен қатар әр мемлекет өз бетінше көптеген шаралар қабылдап келеді. Мемлекеттік саясат пен экономика осы экологиялық қауіпсіздік бағытына бұрылуда. Бүгінгі күні табиғи ресурстарды үнемді пайдалану мен қолайлы ортаны сақтау, елдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азаматтардың денсаулығын қорғау мемлекеттік органдар мен жалпы қоғамның алдында тұрған ең маңызды міндеттердің біріне айналғаны анық.

Аталған міндеттерді іске асыру тәсілдерінің бірі - экологиялық өлшемшарттарды ескере отырып, мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алуды жүзеге асыру болып табылады. Себебі, бюджет қаражатының едәуір бөлігі жыл сайын нақты осы мемлекеттік сатып алуға жұмсалады және бұл аз қаражат емес. Республикадағы мемлекеттік сатып алулар орта есеппен жалпы ішкі өнімнің 13%-нан 20%-на дейін құрайды, мамандардың пікірінше бұл елдегі экологиялық жағдайдың жақсаруына елеулі үлес қоса алады [1].

Елімізде мемлекеттік сатып алуға қатысты жаңа заң жобасы талқыланып жатқаны белгілі [2]. Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік компаниялардың сатып алуларына экологиялық талаптарды енгізу жоспарлануда. Яғни, басқаша айтқанда, экологиялық таза жолмен өндірілген тауарлар, атқарылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алу кезінде белгілі бір артықшылықтарға ие болуы мүмкін.

Сондықтан да, бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, тиісті заңнаманы жетілдіру жалғасын табады деп болжаймыз. Зерттеу тақырыбының өзектілігі де осы сатып алу түрін реттейтін заңнаманы жетілдіру әрекеттерінің жалғасуында болып отыр. Жалпы, мемлекеттік сатып алу қызметінің соңғы жылдары қарқынды реформалануы осы бағытты зерттеуге деген ғылыми қызығушылықты арттыруда [3,4,5].

Ғылыми мақалада қойылып отырған мақсат елімізде мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін қолданыстағы заңнамаға экологиялық өлшемшарттардың пайдаланылу тұрғысынан шолу жасау арқылы оның іс жүзінде қолданылуына баға беру, сонымен қатар жалпы «жасыл» мемлекеттік сатып алу концепциясын заңнамалық қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне талдау жасау болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланы дайындау үшін материалдар ретінде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу қызметін реттейтін заңнамалық база, «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңның жобасы, шет елдердегі «жасыл» мемлекеттік сатып алу институттарының заңнамалық негіздері, ұлттық заңнамалар, зерттеулер мен статистикалық мәліметтер пайдаланылды.

Зерттеу барысында статистикалық мәліметтер мен ғылыми ақпарат көздерінің аналитикалық әдісі қолданылды. Теориялық зерттеулерден басқа, мақалада модельдеу, салыстыру және болжау әдістерін қолдану арқылы зерттелген объектіні тәжірибеде жүзеге асырудың болжамдары жасалды.

Нәтижелер мен талқылау

Нәтижелер. Қолданыстағы заңнамада талдау нәтижелері көрсеткендей бүгінгі күнге елімізде «жасыл» мемлекеттік сатып алудың анық концепциясы жоқ. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 4 бабында көрсетілген бірнеше қағидаттар мен 2020 жылдың 30 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңына сәйкес өнімнің экологиялық тазалық стандартына сәйкестігін растауын қоса алғанда, конкурстық ұсынысқа әсер ететін критерийлерді сақтау міндеті белгіленген әрине. Алайда, біріншіден, аталған қағидалар іс жүзінде сақтала бермейді, екіншіден, мұның барлығы «жасыл» мемлекеттік сатып алу секілді институттың елімізде жұмыс істеуі үшін жеткіліксіз.

Мұндай жағдай бүгіндері талқылауда жатқан, жаңадан қабылдануы тиіс заңның күшіне енуімен өзгеруі мүмкін.

Талқыланып жатқан жаңа заң жобасында экологиялық аспектілерді ескере отырып сатып алуды жүзеге асыру ұсынылып отырғаны белгілі. Болашақ заң жалпы сипатта болады және ол негізгі қағидалар мен бағыттарды анықтайды. Тиісінше, аталған экологиялық критерилер қосымша өкілетті органның шығаратын ережелер түріндегі нормативті актілерімен реттелетін болады.

Ол жолдағы келесі қадам мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысу үшін міндетті экологиялық талаптар қолданылатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізімдерін әзірлеу болуы тиіс. «Жасыл» мемлекеттік сатып алуды іске асырудағы бұл тетік Еуропалық Одақ елдерінің озық тәжірибесіне сәйкес келеді және тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің нақты түрлерін анықтауға қатысты өкілеттіктер бейінді мемлекеттік органдарға жүктелуі тиіс.

Барлық дерлік елдерде, тіпті Еуропалық Одақ деңгейінде нормативтік актілерде экологиялық өлшемшарттарды бекіту тауарлардың бірнеше тобынан басталған. Бұл өлшемдер мен талаптар өнімге қойылатын техникалық талаптарға, өтінімдерді бағалау қағидаларына, сондай-ақ жеткізілген тауарлар мен көрсетілген қызметтерді қабылдау қағидаларына енгізіледі. Уақыт өте келе бұл тауарлар тобы кеңейе түседі.

Келесі кезең тауарлар мен қызметтердің экологиялық сипаттамаларының тізіміне олардың өмірлік циклінің параметрлерін енгізу болып табылады. Бұл тек тауардың немесе қызметтің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен қатар шикізат өндіру кезеңінен бастап пайдаланылған өнімді кәдеге жаратуға дейінгі аралықтағы ресурстар мен энергияны тұтынуды азайтып, қоршаған ортаға кері әсерді төмендетуге мүмкіндік береді. Мұндай өмірлік цикл параметрлерін енгізу Үкіметпен ұсынылып отырған жаңа заң жобасында қарастырылған.

Экологиялық талаптарды енгізудің соңғы кезеңі ретінде мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алудың жалпы жүйесіне «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтын толыққанды енуін санауға болады.

Қазақстандағы экологиялық таңбалау заңнамасын талдау нәтижесіне келетін болсақ, қолданыстағы заңнаманы талдау «жасыл» мемлекеттік сатып алуды дамыту үшін экологиялық таңбалауды заңнамалық реттеу мен оны ынталандыру шараларын

қабылдау қажеттілігін көрсетті. Экологиялық таңбалау жүйесінің дамуына айтарлықтай кедергілер бар, олар:

– таңбалау жүйесін реттейтін заңнамадағы олқылықтар. Белгілі бір тауарларға «эко» немесе «органикалық» белгісін берудегі жағдай түсініксіз. Үкімет те, өндірушілер де, онымен қоса сатып алушылар да осы таңбалаудың нақты тұжырымдамаларын, олардың айырмашылықтарын ажырата алмауда, сондықтан қандай өнімдер органикалық деп танылуы тиіс, қандайы экологиялық таза белгісін тағу құқығына лайықты екендігіне байланысты әлі де нақты түсінік жоқ;

– таңбалаудың бірыңғай критерийлері толыққанды қалыптасып үлгермеген;

– өнім беруші субъектілердің экологиялық таңбалау куәліктерін алуға деген төмен ынталылығы.

Талқылау. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2023 жылдың қыркүйегіндегі кезекті жолдауында мемлекеттік сатып алудың мүлде жаңа жүйесі жасалынатындығын атап өткен болатын. Мемлекет басшысының сөзінше ендігі кезекте бағаның төмен болуы ғана емес, тауарлар мен қызметтердің сапасы да басты назарда болады. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алулар бірыңғай платформаға көшетін болады. Осының бәрін жүзеге асыру үшін «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылдануы тиіс [6].

Президент тапсырмасын орындау мақсатында жаңа заң жобасы әзірленіп, Парламент талқылауына ұсынылған еді. Қабылданып жатқан заң жалпылама негізде болады, яғни мемлекеттік сатып алу саласының жалпы принциптерін ғана бекітеді. Ол қабылданған жағдайда әр саланы реттеу үшін жеке ережелер әзірлеу қажет болады.

Жаңа заң жобасы өнім берушіні таңдаудың баға критерийлерінен өнім берушінің біліктілігі, оның сенімділігі мен беделі сияқты сапалы критерийлерге көшуді көздейді, оларды мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің деректерін кеңінен қолдану негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайды. Базалардан алынған ауқымды деректердің көмегімен веб-порталда әлеуетті өнім берушілердің рейтингі қалыптасатын болады. Рейтингті әлеуетті өнім берушілерге оның біліктілігін, сенімділігі мен беделін сипаттайтын индикаторлар тізбесі бойынша бағалау және балл беру жолымен қалыптастыру ұсынылған.

Сондай-ақ, ең маңызды жаңашылдықтардың бірі – «Тұрақты мемлекеттік сатып алу» элементтерін енгізу, яғни экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерді ескере отырып сатып алуды жүзеге асыру ұсынылуда. Олардың құрамына:

– экологиялық аспектіге: «жасыл» сатып алу, қоршаған ортаны қорғау, жаңартылатын энергия көздері, ең аз қалдықтар шығару мен утилизациялау;

– экономикалық аспектіге: өмірлік циклдің барлық құнының критерийі негізінде өнім берушіні таңдау, инновациялар, отандық шағын және орта бизнесті қолдау;

– әлеуметтік аспектіге: өнім беруші ретінде мүгедектігі бар адамдарды және азаматтардың өзге де санаттарын қолдау кіреді.

Мұндай өзгерістердің қажеттілігі, яғни экологиялық өлшемшарттарды енгізе отырып «Тұрақты мемлекеттік сатып алулар» бағытында жұмыстар атқарылып, заңнамалық тұрғыдан бекітілуіне қажеттілік бар екендігі елімізде соңғы жылдары жиі талқылана бастаған болатын [7,8,9].

Сондай ақ, заң әдебиеттерінде Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамасын ескере отырып, мемлекеттің даму қажеттіліктеріне және ондаған жылдар бойы шешілмей келе жатқан ауыр өнеркәсіп қалдықтарының дұрыс жойылмауы, ластанудан туындайтын табиғи ортаға теріс әсердің алдын алу жөніндегі мәселелерді де шешуге мән беру керектігі жиі аталады [10]. Ал экономикалық әдебиеттерде декаплингтің дамуы өзекті болып табылатын, яғни экономикалық өсім мен табиғи ресурстарды тұтынуды бір-бірінен бөлек қарастыру туралы идеялар қолдау табуда [11,12].

Қолданыстағы заңнамаға келетін болсақ, бүгінгі күні елімізде «жасыл» мемлекеттік сатып алудың анық концепциясы жоқ. Алайда, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 4 бабында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарының бірі ретінде инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаты бекітілген [13]. Бұдан басқа, ұйымдастырушылар үшін конкурстарды өткізу кезінде неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын қатысушыны айқындау кезінде әлеуетті өнім берушіде ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің болуын және 2020 жылдың 30 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңына сәйкес өнімнің экологиялық тазалық стандартына сәйкестігін растауын қоса алғанда, конкурстық ұсынысқа әсер ететін критерийлерді сақтау міндеті белгіленген [14]. Бүгінгі күнге осы талаптар арқылы нақты мемлекеттік сатып алулар бағытындағы еліміздің экологиялық саясатын жүзеге асыру мен мемлекет экономикасының инновациялық дамуын қолдау көзделген.

Алайда, жоғарыда көрсетілген талаптар іс жүзінде сақталғанның өзінде ол «жасыл» тауарлар мен қызмет түрлерін сатып алуды ынталандырып жатыр деп айту қиын. Мемлекеттік сатып алулар кезінде мұндай тауарлар түріне артықшылық беріле бермейді, сатып алушы төмен бағаны таңдау міндетімен жүктелген жағдайда ондай таңдау жасау мүмкіндігі шектеулі.

Сонымен қатар, «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтын сәтті енгізу еліміздегі экологиялық таңбалау жүйесіне де тікелей байланысты. Себебі мемлекеттік сатып алуға қажет тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің экологиялық қауіпсіздігін анықтау қажеттілігі артады. Негізгі және өзекті мәселе осы экологиялық таңбалау төңірегінде болып отыр, еліміз үшін оны заңнамалық тану және ынталандыру одан да күрделі тапсырмаға айналғандай. Экологиялық таңбалаудың болуы мемлекеттік сатып алудың осы бағыттағы реформалау үшін сөзсіз қажет элемент деп санаймыз. Алайда, еліміздегі экологиялық таңбалауда мәселелер тым көп және ондай таңбасы бар тауарлардың барлығын «жасыл» өнімнің қатарына жатқызу қиын болып отыр [15,16].

2015 жылы «Органикалық өнім өндіру туралы» заң [17] қабылданғанына қарамастан, Қазақстанда белгілі бір тауарларға «эко» немесе «органикалық» белгісін берудегі жағдай түсініксіз. Мәселен, үкімет те, өндірушілер де, онымен қоса сатып алушылар да осы таңбалаудың нақты тұжырымдамаларын, олардың айырмашылықтарын ажырата алмауда. Сондықтан қандай өнімдер органикалық деп танылуы тиіс, қандайы экологиялық таза белгісін тағу құқығына лайықты екендігіне байланысты әлі де нақты түсінік жоқ.

Шет елдердегі жағдайға келетін болсақ – «жасыл» мемлекеттік сатып алу туралы ортақ заңнама немесе стандарттар әлі жасалмаған, мемлекеттердегі жағдай әр түрлі, көбінде заңнамалық негіз толығымен қалыптасып үлгермеген.

Ал ондай сатып алуды бекіткен елдерде «жасыл» сатып алуды енгізу және дамыту үшін негіздер сатып алу қызметі саласын регламенттейтін заңнамада тікелей көзделген. Мысалы, Еуропа Парламенті пен Кеңесінің 2014 жылғы 26 ақпандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2014/25/ЕО [18] және 2014 жылғы 26 ақпандағы «Сумен жабдықтау, энергетика, көлік және пошта қызметтері секторларында жұмыс істейтін ұйымдардың сатып алуы туралы» 2014/25/ЕО [19] директивалары Еуропалық Одақта тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды реттейтін құқықтық база болып табылады. Аталған нормативті актілерде сатып алу процесіне экологиялық талаптар мен өлшемшарттарды енгізу мүмкіндігіне нақты нұсқаулар қамтылған, сондай-ақ мемлекеттік сатып алулар инновацияларды да ынталандыруы тиіс болды. Бұдан басқа, тапсырыс берушілерге тұрақты мемлекеттік сатып алуды қолдануға көмектесетін әдістемелік материалдар әзірленген.

«Жасыл» мемлекеттік сатып алуларға (Green public procurement - GPP) Еуропалық комиссия: «мемлекеттік органдар негізгі функциясы басқаша болатын тауарлармен, қызметтермен және жұмыстармен салыстырғанда бүкіл өмірлік циклі бойына қоршаған ортаға аз әсер ететін тауарларды өндіруге, қызметтерді және жұмыстарды орындауға ұмтылатын процесс» деген анықтама берген [20].

Тәжірибеде Еуропа елдері үшін аталған директивалардағы талаптар елдердегі мемлекеттік саясатты, қоғамдық моральды, қауіпсіздік талаптарын сақтауды қоса алғанда, оларға адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау үшін қажетті шараларды енгізуге жол ашты. Мемлекеттік келісімшарттар жасасу кезінде тұрақты даму мақсаттары ескерілетін болды. Жүйені қамтамасыз ету үшін келісімшарт жасасу рәсімі басталар алдында мемлекеттік ұйымдар «жасыл» мемлекеттік сатып алу критерийлеріне сәйкестігін растауды талап етуге құқылы [21].

Осылайша Еуропалық Одақ елдерінде жасыл сатып алулар жалпы сатып алу жүйесіне, мемлекеттік органдардың саясаты мен жұмысына органикалық түрде енгізілген, заңнамалық нормативтік актілерде, ұлттық іс-қимыл жоспарларында көрсетілген, сатып алудың экологиялық өлшемшарттары өнімдер мен қызметтердің 21 тобы үшін бекітілген.

Өзге де әлемнің дамыған елдерінің көпшілігінде «экологиялық» мемлекеттік сатып алу үлесін арттыру бойынша ұлттық бағдарламалар әзірленіп, тәжірибеде белсенді қолданылуда. АҚШ-та Қоршаған ортаны қорғау агенттігінің «Экологиялық артықшылығы бар сатып алу» бағдарламасы қолданылады, ол сатып алушыларға экологиялық талаптарға сай болуға және сол арқылы «жасыл өнім» нарығын ынталандыруға көмектеседі. Жапония, Қытай, Тайвань мемлекеттеріндегі қолданыстағы заңнамаларда тауарлардың белгілі бір топтарын сатып алу кезінде экотаңба иеленген, яғни ұлттық экологиялық сертификаттары бар тауарларға артықшылықтар беру көзделінген [22].

«Жасыл» мемлекеттік сатып алулар Ресей Федерациясында да 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болды. Елде мемлекеттік және муниципалды сатып алуға

қойылатын экологиялық талаптар күшіне енді. Сатып алуға арналған тауарлардың жекелеген түрлерін сипаттау ерекшеліктері Ресей Федерациясы Үкіметінің қаулысымен бекітілген. Ресейлік экологиялық оператор құжат жобасын әзірлеуге тікелей өзі қатысты, енді өнім беруші мемлекеттік сатып алу құжаттамасында тауарларды өндіруде қанша қайта пайдаланудағы шикізат жұмсалғанын көрсетуге міндетті [23].

Негізінен, мемлекеттік сатып алудың әсер ету бағыты сатып алынатын тауарлар мен қызметтерге қойылатын өлшемдерге тікелей байланысты. «Жасыл» мемлекеттік сатып алуды енгізген елдердің тәжірибесі көрсеткендей, экологиялық өлшемшарттарды енгізу мынадай оң өзгерістерге әкелуі мүмкін:

- жер үсті суларының, ауаның, топырақтың улы химикаттармен ластану мөлшерінің азаюы, өндірістік қолданыстан аса зиянды заттардың шығарылуы;
- полигондарда көмілетін қалдықтар санының азаюы, қалдықтарды қайта өңдеу пайызының ұлғаюы, өндіріс қалдықтарының азаюы;
- тауарлар мен қызметтерді өндіру кезінде пайдаланылатын жаңартылатын ресурстар үлесінің ұлғаюы [22].

Бүкіл әлемде тұрақты даму мақсаттары саяси күн тәртібінде маңызды орынға ие және үкіметтер көптеген стратегиялар қабылдау арқылы белсенді түрде қолдап келеді, олардың арасында «жасыл» мемлекеттік сатып алу барған сайын танымал бола бастаған. Алайда, мұндай сатып алу тәсілінің таралуы мен тиімділігі тек саяси амбицияларға ғана емес, сонымен қатар «көше бюрократиясы» деңгейінде сапалы іске асуына да байланысты екендігі анық [24].

Сала ғалымдарымен жүргізілген зерттеу нәтижелерінде «жасыл» мемлекеттік сатып алулар туралы үш факті анық бөліп көрсетілген:

- 1) мемлекеттік сатып алушылар әрқашанда ең төменгі баға критерийлері мен барабар экологиялық әсер арасындағы балансты табу жолында ізденісте жүреді;
- 2) мемлекеттік сатып алушылардың мұны жүзеге асыру тәсілдері олардың когнитивті және әсіресе аффективті сипаттамаларына тікелей байланысты;
- 3) дағдылардың, тәжірибенің және ресурстардың жетіспеушілігі мемлекеттік сатып алушылардың «жасыл» мемлекеттік сатып алу бағытында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік бермей келеді [25].

Қорытынды

Қорытындылай келе, мемлекеттік сатып алу экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, экологиялық жағдайды жақсартудың маңызды құралы болып табылатынын атап өткіміз келеді. Алайда, ол үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде экологиялық талаптар мен шарттар сақталуының нақты құқықтық тәртібін бекіту қажет. Қабылдануы тиіс жаңа заң мен жалпы енгізілуі тиіс өзгерістер, заңнаманы жетілдіруге байланысты шаралар елдегі «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының бастапқы кезеңде сәтті енуіне әсер етуі тиіс деп болжаймыз.

Ол үшін қабылданып жатқан негізгі заңмен қоса қосымша ережелер түріндегі нормативті актілер қабылданып, олар келесідей сұрақтардың нақты жауаптарын берулері тиіс:

1) Мемлекеттік сатып алу мақсаттары үшін экологиялық критерийлері айқындалатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізімін анықтау қажет.

2) Белгілі бір тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге қатысты экологиялық өлшемшарттарды анықтаудың тәртібі бекітілуі тиіс.

3) Экологиялық өлшемшарттар айқындалған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінің ең төменгі шекті көрсеткіштерін айқындау қажет.

4) Экологиялық, инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаттарының нақты механизмі бекітілуі керек. Яғни, экотаза өнім түрлеріне артықшылық берудің нақты анықтамасы, оны іс жүзінде қолданудың әдістемесі бекітілуі тиіс.

Сонымен қатар, мемлекеттегі экотаңбалауға қатысты мәселелер шешімін табуы аса маңызды деп санаймыз. Себебі, мемлекеттік сатып алуға қажет тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің экологиялық қауіпсіздігін анықтау қажеттілігі артады. Бұл бағыттың дұрыс жұмыс істемеуі, экотаза өнім берушіні анықтай алмау мәселелерінің шешімін таппауы бүкіл «Тұрақты мемлекеттік сатып алу» мен «Жасыл» мемлекеттік сатып алу институттарын елімізде енгізу әрекеттерінің сәтсіз болуына себепкер болуы мүмкін. Аталған саладағы шешімдердің бірі және Қазақстанда экотаңбалауды дамытудың баламалы сценарийі осы салада салауатты бәсекелестік туғызатын және халықаралық тәжірибеге сәйкес келетін бірнеше экотаңбалау орталықтарының қатар жұмыс істеуі болуы мүмкін.

Авторлардың қосқан үлесі.

Ғылыми мақаланы жазуда авторлардың үлесі ортақ. Барлық авторлар қолжазбаның жариялануға ұсынылған соңғы нұсқасын ортақ талқылаудан өткізді, онымен келіседі.

Мақаланы жазу барысында авторлардың қосқан үлестері келесідей нақтыланады:

Мұқашева А.А. – жұмыс нәтижелерін талдау және ұсыныстарды әзірлеу, жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасын бекіту.

Нурекешов Т.К. – жұмыс нәтижелерін жинау және талдау. Жұмыстың тұжырымдамасы мен дизайнын құрастырудағы үлесі.

Айтказин Е.М. – мәтін жазу мен оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау. Қажет мәліметтерді жинау және талдау. Мәліметтердің дұрыстығына немесе мақаланың барлық бөліктерінің тұтастығына қатысты атқарылған жұмыстарды қоса алғанда жұмыстың барлық аспектілері үшін жауапты.

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылыми комитеті қаржыландыратын АР19679495-«Жануарлардың құқықтық режимін регламенттеу мәселелері: отандық және шетелдік тәжірибе» жобасын іске асыру мақсатында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Устойчивые закупки могут расширить внедрение «зеленых» технологий в РК / Информационное агентство «Inbusiness.kz», 08.11.2022 – [Электронный ресурс] – URL: <https://inbusiness.kz/ru/last/ustojchivye-zakupki-mogut-rasshirit-vnedrenie-zelenyh-tehnologij-v-rk> (дата обращения: 01.12.2023).
2. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жобасы. Ашық НҚА порталы, 13.06.2023 – [Электронды ресурс] – URL: <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14606808> (қаралған күні: 03.12.2023).
3. Ибрагимова Ф.Г., Айтқазин Е.М., Байжуманов Н.О. 2021 жылдың 15 қарашасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңына енгізілген өзгерістердің іс жүзінде жүзеге асырылуының кейбір сұрақтары // Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы. – 2022. – №2(24). – 75-83 бб. DOI: 10.52425/25187252_2022_24_75
4. Ибрагимова Ф.Г., Айтқазин Е.М., Байжуманов Н.О. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды іс жүзінде іске асырудың тиімділігінің сұрақтары // Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы. – 2023. – №1(27). – 18-25 бб. DOI: 10.52425/25187252_2023_27_18
5. Ибрагимова Ф.Г., Айтқазин Е.М. Қазақстан Республикасындағы «Жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының дамуын заңнамалық қамтамсыз етудің өзекті сұрақтары // Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы. – 2023. – №3(29). – 18-28 бб. DOI: 10.52425/25187252_2023_29_18
6. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, 01.09.2023 – [Электронды ресурс] – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (қаралған күні: 08.12.2023).
7. Балтабаев К. Оценка статуса и правовая экспертиза устойчивых государственных закупок в Республике Казахстан. Отчет эксперта, 20.12.2021 – [Электронный ресурс] – URL: [https://www.greenpolicyplatform.org/sites/default/files/SPP%20status%20assessment%20in%20Kazakhstan%20\(in%20Russian\).pdf](https://www.greenpolicyplatform.org/sites/default/files/SPP%20status%20assessment%20in%20Kazakhstan%20(in%20Russian).pdf) (дата обращения: 12.12.2023).
8. Public Procurement in Kazakhstan: Reforming for Efficiency. The OECD Online Library, 10.01.2018 – [Electronic resource] – URL: <https://www.oecd-ilibrary.org/sites/19e56f25-en/index.html?itemId=/content/component/19e56f25-en> (date of application: 12.12.2023)
9. Тұрақты мемлекеттік сатып алу және қоршаған орта: онлайн жиын. «www.7-su.kz» желілік басылымы, 15.12.2020 – [Электронды ресурс] – URL: <https://7-su.kz/news/cat-2/9527/> (қаралған күні: 12.12.2023)
10. Onyusheva I., Ushakov D., Van H.T. The Eco-problems and Green Economy Development in Kazakhstan: An Analytical Survey // International Journal of Energy Economics and Policy. – 2018. – №8(2). – pp. 148-153.
11. Яшалова Н.Н. Анализ проявления эффекта декаплинга в эколого-экономической деятельности региона // Региональная экономика: теория и практика. – 2014. – №39(366). – С. 54-61.
12. Селищева Т.А. «Зеленая» экономика как модель устойчивого развития стран ЕАЭС // Евразийская экономическая перспектива: проблемы и решения. – 2018. – №3(67). – С. 6-12.
13. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 ж. 4 желтоқсандағы

№434-V Заңы – [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434> (қаралған күні: 20.12.2023).

14. «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2020 ж. 30 желтоқсандағы №396-VI Заңы – [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000396> (қаралған күні: 20.12.2023).

15. Эко-товары – грабеж среди бела дня / Газета «МК в Казахстане», 27.10.2021 – [Электронный ресурс] – URL: <https://mk-kz.kz/economics/2021/10/27/ekotovary-grabezh-sredi-bela-dnya.html> (дата обращения: 22.12.2023).

16. «Жасыл» экономикаға өтудің көкейкесті мәселелері. «International Green Technologies & Investments Center» ресми сайты, 12.06.2019 – [Электронды ресурс] – URL: <https://igtipc.org/kk/news-res/297-20190614-115351> (қаралған күні: 22.12.2023).

17. «Органикалық өнім өндіру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 ж. 27 қарашадағы №423-V Заңы – [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000423> (қаралған күні: 24.12.2023).

18. Directive 2014/24/EU of the European Parliament and of the Council of 26 February 2014 on public procurement and repealing Directive 2004/18/EC. An official website of the European Union – [Electronic resource] – URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex%3A32014L0024> (date of application: 25.12.2023)

19. Directive 2014/25/EU of the European Parliament and of the Council of 26 February 2014 on procurement by entities operating in the water, energy, transport and postal services sectors and repealing Directive 2004/17/EC. An official website of the European Union – [Electronic resource] – URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex%3A32014L0025> (date of application: 25.12.2023)

20. Fuentes-Bargues JL, Ferrer-Gisbert PS, González-Cruz MC. Analysis of Green Public Procurement of Works by Spanish Public Universities // Int J Environ Res Public Health. – 2018 – №15(9) doi: 10.3390/ijerph15091888.

21. Egorova M.A. Foreign experience in the implementation of «green» public procurement legal instruments // Rudn Journal of Law. – 2022. – №2(26) – pp. 314-328. DOI: <https://doi.org/10.22363/2313-2337-2022-26-2-314-328>

22. Шадрина Е.В., Грачева Ю.А. «Зеленые закупки». Какие экологические критерии применяются в России? // Госзаказ: управление, размещение, обеспечение. – 2017 – № 49 – С. 104-109.

23. Зеленые закупки заработали в России с 1 января 2023 года. Официальный сайт «Российский экологический оператор», 09.01.2023 – [Электронный ресурс] – URL: <https://reo.ru/tpost/f3e6haaic1-zelenie-zakupki-zarabotali-v-rossii-s-1> (дата обращения: 27.12.2023).

24. Hall P, Löfgren K, Peters G. Greening the Street-Level Procurer: Challenges in the Strongly Decentralized Swedish System. // Journal of Consumer Policy. – 2016 – Volume 39 – pp. 467-483. DOI: <https://doi.org/10.1007/s10603-015-9282-8>

25. Michal Plaček, Vladislav Valentinov, Cristina del Campo, Gabriela Vaceková, František Ochrana, Markéta Šumpíková. Stewardship and administrative capacity in green public procurement in the Czech Republic: evidence from a large-N survey. // Environmental Sciences Europe. – 2021 – Volume 33 (94) DOI: <https://doi.org/10.1186/s12302-021-00534-7>

А.А. Мукашева¹, Т.К. Нурекешов², Е.М. Айтказин²

¹НАО «Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева», Астана, Казахстан

²Учреждение образования «Alikhan Bokeikhan University», Семей, Казахстан

Законодательные основы развития института «зеленых» государственных закупок в Республике Казахстан

Аннотация. В научной статье представлен обзор правовой составляющей осуществления закупок для государственных нужд с учетом современных экологических критериев и функционирования в стране института «зеленых» государственных закупок.

В целях оценки практического применения экологических критериев при государственных закупках авторами данной статьи дается оценка возможности их применения в Республике Казахстан с учетом обсуждаемого нового законопроекта.

Обсуждены пути законодательного обеспечения, необходимые для его полноценного запуска. Рассматриваются успешные практики в зарубежных странах.

Целью статьи является оценка практического применения действующего законодательства, регулирующего сферу государственных закупок в стране, путем обзора с точки зрения использования экологических критериев, а также анализ возможностей законодательного обеспечения института «зеленых» государственных закупок в целом.

Авторы статьи отмечают, что с учетом того, что «зеленые» госзакупки являются важным инструментом обеспечения экологической безопасности, улучшения экологической обстановки, внедрение данного института в стране является важнейшей необходимостью. Однако для этого, по мнению авторов, при осуществлении государственных закупок должен быть утвержден четкий правовой порядок экологических требований и условий. Новый закон, который должен быть принят, и изменения, которые вносятся в отрасль в целом, важны для успешного запуска института «зеленых» государственных закупок в стране. Однако также важнейшей необходимостью является и качество положений, которые должны быть закреплены вместе с основным законом.

Ключевые слова: «зеленые» государственные закупки, экологические критерии, конкурс, устойчивые государственные закупки, экология, экологическая маркировка, поставщик.

A.A. Mukasheva¹, T.K. Nurekeshov², Y.M. Aytkazin²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Educational institution «Alikhan Bokeikhan University», Semey, Kazakhstan

Legislative basis for the development of the institute of «green» public procurement in the Republic of Kazakhstan

Abstract. The scientific article presents a review of the legal component of procurement for public needs taking into account modern environmental criteria and the functioning of the Institute of «green» public procurement in the country.

In order to assess the practical application of environmental criteria in public procurement, the authors of this article assess the possibility of their application in the Republic of Kazakhstan, taking into account the new draft law under discussion.

The ways of legislative support necessary for its full-fledged launch are discussed. Successful practices in foreign countries are considered.

The purpose of the article is to assess the practical application of the current legislation regulating the sphere of public procurement in the country by reviewing it from the point of view of the use of environmental criteria, as well as analyzing the possibilities of legislative support of the institute of «green» public procurement in general.

The authors of the article note that given the fact that «green» public procurement is an important tool for ensuring environmental safety, improving the environmental situation, the introduction of this institution in the country is a critical need. However, for this purpose, according to the authors, a clear legal procedure of environmental requirements and conditions should be approved in public procurement. The new law to be adopted and the changes that are being made to the industry as a whole are important for the successful launch of the institution of green public procurement in the country. However, the quality of the provisions to be enshrined together with the main law is also a critical need.

Key words: «green» public procurement, environmental criteria, tender, sustainable public procurement, ecology, eco-labeling, supplier.

References

1. Ustojchivye zakupki mogut rasshirit' vnedrenie «zelenyh» tekhnologij v RK / Informacionnoe agentstvo «Inbusiness.kz», 08.11.2022 – [Elektronnyj resurs] – URL: <https://inbusiness.kz/ru/last/ustojchivye-zakupki-mogut-rasshirit-vnedrenie-zelenyh-tehnologij-v-rk> (data obrashcheniya: 01.12.2023).
2. «Memlekettik satyp alu turaly» Kazakstan Respublikasynyn Zanyyn zhobasy. Ashyk NKA portaly, 13.06.2023 – [Elektronnyj resurs] – URL: <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14606808> (karalghan kyni: 03.12.2023).
3. Ibragimova F.G., Ajtkazin E.M., Bajzhumanov N.O. 2021 zhyldyn 15 karashasynda «Memlekettik satyp alu turaly» Kazakstan Respublikasynyn zanyyna engizilgen ozgeristerdin is zhyzinde zhyzege asyryluynyn kejbir syraktary // Kykyk korgau organdary akademiya synyn ZHarshysy. – 2022. – №2(24). – 75-83 bb. DOI: 10.52425/25187252_2022_24_75
4. Ibragimova F.G., Ajtkazin E.M., Bajzhumanov N.O. «Memlekettik satyp alu turaly» Kazakstan Respublikasynyn zanyyna engizilgen ozgerister men tolyktyrular dy is zhyzinde iske asyru dyndy tiimdiligini n syraktary // Kykyk korgau organdary akademiya synyn ZHarshysy. – 2023. – №1(27). – 18-25 bb. DOI: 10.52425/25187252_2023_27_18
5. Ibragimova F.G., Ajtkazin E.M. Kazakstan Respublikasyndagy «ZHasyly» memlekettik satyp alu instituty nyn damu yn zannamalyk kamtamsyz etudin ozekti syraktary // Kykyk korgau organdary akademiya synyn ZHarshysy. – 2023. – №3(29). – 18-28 bb. DOI: 10.52425/25187252_2023_29_18
6. Memleket basshysy Kasym-ZHomart Tokaevty n Kazakstan halkyna ZHoldauy. Kazakstan Respublikasy Prezidentini n resmi sajty, 01.09.2023 – [Elektronnyj resurs] – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (karalghan kyni: 08.12.2023).

7. Baltabaev K. Ocenka statusa i pravovaya ekspertiza ustojchivyh gosudarstvennyh zakupok v Respublike Kazahstan. Otchet eksperta, 20.12.2021 – [Elektronnyj resurs] – URL: [https://www.greenpolicyplatform.org/sites/default/files/SPP%20status%20assessment%20in%20Kazahstan%20\(in%20Russian\).pdf](https://www.greenpolicyplatform.org/sites/default/files/SPP%20status%20assessment%20in%20Kazahstan%20(in%20Russian).pdf) (data obrashcheniya: 12.12.2023).

8. Public Procurement in Kazakhstan: Reforming for Efficiency. The OECD Online Library, 10.01.2018 – [Electronic resource] – URL: <https://www.oecd-ilibrary.org/sites/19e56f25-en/index.html?itemId=/content/component/19e56f25-en> (date of application: 12.12.2023)

9. Tyrakty memlekettik satyp alu zhane korshagan orta: onlajn zhiyn. «www.7-su.kz» zhelilik basylymy, 15.12.2020 – [Elektronnyj resurs] – URL: <https://7-su.kz/news/cat-2/9527/> (karalghan kyni: 12.12.2023)

10. Onyusheva I., Ushakov D., Van H.T. The Eco-problems and Green Economy Development in Kazakhstan: An Analytical Survey // International Journal of Energy Economics and Policy. – 2018. – №8(2). – pp. 148-153.

11. YAshalova N.N. Analiz proyavleniya effekta dekaplinga v ekologo-ekonomicheskoy deyatel'nosti regiona // Regional'naya ekonomika: teoriya i praktika. – 2014. – №39(366). – S. 54-61.

12. Selishcheva T.A. «Zelenaya» ekonomika kak model' ustojchivogo razvitiya stran EAES // Evrazijskaya ekonomicheskaya perspektiva: problemy i resheniya. – 2018. – №3(67). – S. 6-12.

13. «Memlekettik satyp alu turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2015 zh. 4 zheltoksandagy №434-V Zany – [Elektronnyj resurs] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434> (karalghan kyni: 20.12.2023).

14. «Tekhnikalyk retteu turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2020 zh. 30 zheltoksandagy №396-VI Zany – [Elektronnyj resurs] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000396> (karalghan kyni: 20.12.2023).

15. Eko-tovary – grabezhdredi beladnya / Gazeta «MK v Kazahstane», 27.10.2021 – [Elektronnyj resurs] – URL: <https://mk-kz.kz/economics/2021/10/27/ekotovary-grabezhdredi-bela-dnya.html> (data obrashcheniya: 22.12.2023).

16. «ZHasyl» ekonomikaga otudin kokejkesti maseleleri. «International Green Technologies & Investments Center» resmi sajty, 12.06.2019 – [Elektronnyj resurs] – URL: <https://igtipc.org/kk/news-res/297-20190614-115351> (karalghan kyni: 22.12.2023).

17. «Organikalyk onim ondiru turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2015 zh. 27 karashadagy №423-V Zany – [Elektronnyj resurs] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000423> (karalghan kyni: 24.12.2023).

18. Directive 2014/24/EU of the European Parliament and of the Council of 26 February 2014 on public procurement and repealing Directive 2004/18/EC. An official website of the European Union – [Electronic resource] – URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex%3A32014L0024> (date of application: 25.12.2023)

19. Directive 2014/25/EU of the European Parliament and of the Council of 26 February 2014 on procurement by entities operating in the water, energy, transport and postal services sectors and repealing Directive 2004/17/EC. An official website of the European Union – [Electronic resource] – URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex%3A32014L0025> (date of application: 25.12.2023)

20. Fuentes-Bargues JL, Ferrer-Gisbert PS, González-Cruz MC. Analysis of Green Public Procurement of Works by Spanish Public Universities // Int J Environ Res Public Health. – 2018 – №15(9) doi: 10.3390/ijerph15091888.

21. Egorova M.A. Foreign experience in the implementation of «green» public procurement legal instruments // Rudn Journal of Law. – 2022. – №2(26) – pp. 314-328. DOI: <https://doi.org/10.22363/2313-2337-2022-26-2-314-328>

22. SHadrina E.V., Gracheva YU.A. «Zelenye zakupki». Kakie ekologicheskie kriterii primenyayutsya v Rossii? // Goszakaz: upravlenie, razmeshchenie, obespechenie. – 2017 – № 49 – S. 104-109.

23. Zelenye zakupki zarabotali v Rossii s 1 yanvarya 2023 goda. Oficial'nyj sajt «Rossijskij ekologicheskiy operator», 09.01.2023 – [Elektronnyj resurs] – URL: <https://reo.ru/tpost/f3e6haaic1-zelenie-zakupki-zarabotali-v-rossii-s-1> (data obrashcheniya: 27.12.2023).

24. Hall P., Löfgren K., Peters G. Greening the Street-Level Procurer: Challenges in the Strongly Decentralized Swedish System. // Journal of Consumer Policy. – 2016 – Volume 39 – pp. 467-483. DOI: <https://doi.org/10.1007/s10603-015-9282-8>

25. Michal Plaček, Vladislav Valentinov, Cristina del Campo, Gabriela Vaceková, František Ochrana, Markéta Šumpíková. Stewardship and administrative capacity in green public procurement in the Czech Republic: evidence from a large-N survey. // Environmental Sciences Europe. – 2021 – Volume 33 (94) DOI: <https://doi.org/10.1186/s12302-021-00534-7>

Авторлар туралы мәліметтер:

Мұқашева А.А. – з.ғ.д., «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» білім беру мекемесі, «Конституциялық және азаматтық құқық» кафедрасының профессоры, Қ. Сәтпаев көш., 2, 010008, Астана, Қазақстан

Нурекешов Т.К. – хат-хабарларға арналған автор, PhD докторы, «Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі, «Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, Мәңгілік ел көш., 11, 071400, Семей, Қазақстан

Айтказин Е.М. – құқық магистрі, «Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі, «Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, Мәңгілік ел көш., 11, 071400, Семей, Қазақстан

Сведения об авторах:

Мукашева А.А. – д.ю.н., профессор, учреждение образования «Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева», ул. К.Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан.

Нурекешов Т.К. – автор для корреспонденции, доктор PhD, старший преподаватель, учреждение образования «Alikhan Bokeikhan University», ул. Мәңгілік ел, 11, 071400, Семей, Казахстан.

Айтказин Е.М. – магистр права, старший преподаватель, учреждение образования «Alikhan Bokeikhan University», ул. Мәңгілік ел, 11, 071400, Семей, Казахстан.

Information about the authors:

Mukasheva A.A. – Doctor of Law, Professor of the Department of «Constitutional and Civil Law», educational institution «Eurasian National University», K.Satpayev str., 2, 010008, Astana, Kazakhstan

Nurekeshov T.K. – the author for correspondence, PhD., senior lecturer of the Department of «Civil Law Disciplines», educational institution «Alikhan Bokeikhan University», Str. Mangilik el, 11, 071400, Semey, Kazakhstan

Aytказin Y.M. – Master of Law, senior lecturer of the Department of «Civil Law Disciplines», educational institution «Alikhan Bokeikhan University», Str. Mangilik el, 11, 071400, Semey, Kazakhstan



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).